

Қауымдық сервитут белгілеу туралы

Түркістан облысы Келес ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 11 шілдедегі № 206 қаулысы. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 12 шілдеде № 5136 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 17 бабының 5-1) тармақшасына және 69 бабының 4 тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 1 тармағының 10) тармақшасына сәйкес, Келес ауданы әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "TNS-Plus" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне "НРП Бескубыр – БС Саруг" магистральды талшықты оптикалық байланыс желісін орналастыру және пайдалану үшін осы қаулының қосымшасына сәйкес жердің меншік иелері мен жер пайдаланушылардан алып қоймастан жер учаскелерінде 49 (қырық тоғыз) жыл мерзімге қауымдық сервитут белгіленсін.

2. Алынып тасталды - Түркістан облысы Келес ауданы әкімдігінің 29.09.2022 № 275 қаулысымен (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А. Жаңбырбаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А. Есбаев

Келес ауданы әкімдігінің
11 шілде 2019 жылғы
№ 206 қаулысына қосымша

"TNS-Plus" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне "НРП Бескубыр – БС Саруг" магистральды талшықты оптикалық байланыс желісін орналастыру және пайдалану үшін жер учаскелеріне қауымдық сервитут белгілеу көлемдері

№	Жер пайдаланушылар атауы	қауымдық сервитуттың әрекет ету көлемі (гектар)	соның ішінде:					
			ауылшару ашылық мақсатындағы жерлер	оның ішінде:				жайылым
				егістік	оның ішінде: суармалы егістік	көп жылдық екпелер	шабындық	
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1	Ұшқын ауылдық округі	2,312	1,484	0,53	-	-	-	0,954

2	Алпамыс батыр ауылдық округі	2,308	2,308	0,728	-	-	-	1,58
3	Қошқарата ауылдық округі	0,98	0,98	-	-	-	-	0,98
4	Біртілек ауылдық округі	3,64	3,64	1,244	-	-	-	2,296
	Барлығы	9,24						

кестенің жалғасы

елді мекендердің жері	өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтажына арналған жер және ауылшаруашылығына арналмаған өзге де жер	ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жері, сауықтыру мақсатындағы, рекреациялық және тарихи-мәдени мақсаттағы жер	орман қорының жері	су қорының жері	босалқы жер
10	11	12	13	14	15
0,428	-	-	-	-	1,354
-	-	-	-	-	1,908
-	-	-	-	-	0,98
0,112	-	-	-	-	2,072